



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

жақты зерттеу, метафора қандай болса, саяси дискурста жұмыс істейтін журналистке бұл құралды сауатты және тиімді қолдануға мүмкіндік береді, "интуициямен" емес, (аз мөлшерде, тек интуициямен ғана емес), бірақ өз билімінде нақты және түсінікті механицизм болса, соның көмегімен саяси метафора қалыптастыру бағытталған және тиімді, ал қабылдауы – аналитикалық, негізгі тезисті айқындау және қолдану себебін нақты кодтайды.

Қорыта келе айтарым, біріншіден бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдағы мәселелерді алға тарту. Халықтың мұң мұқтажын керекті орындарға жеткізуде қолданылатын баспасөз арқылы көрініс табуын көрсету. Метафоралогия ғаламдандудың, жаһандану кезеңінде саясаттың саяси лингвистиканың дамуымен өте белсенді қолданысқа еніп отырғанын білдіру.

Қолданылған әдебиет

1. Хасанов Б. «Метафораның жасалуы»
2. Будаев «Политическая лингвистика» журналы
3. Zhasalash.kz, Aikyn.kz.
4. Барлыбаев Р.Б. «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы»
5. Tengrinews.kz , Bnews.kz

ӘОЖ81'373.7=111=512.122

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АНТОНИМДЕРДІ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Исмаилова Айгерим Жанатовна

aikosha92@inbox.ru

В4-20700-01 тобының студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Т.Қондыбаева, жалпы тіл білімі және аударма теориясы
кафедрасының доценті

Елбасымыздың халықты үш тұғырлы тіл саясатына шақыруы көпшілік қауымның қолдауын тапты. Бұл саясатты жүзеге асыруда аударманың алатын орны ерекше, өйткені тілді жетік меңгеру үшін кәсіби, нақты, әрі түсінікті аудармалардың қажеттілігі байқалады.

Аудармашылар кейде түпнұсқалардың дәстүрлі түсініктерін сақтауға тырысып, аударылатын тілдің ұлттық ерекшеліктеріне мән бермейді, ал кей кездерде аударылатын тілдің ұлттық нақыштарын сақтауға тырысады да, бастапқы шығармаларды асыра өзгертіп жіберетін тұстар аударма саласында көп кездесіп қалып жатады. Бұл мәселе айналасында С.Маркиш, В.Гумбольдт, Б.Уорф, К.Мэргэн, Л.Вайсбергер және т.б. ғалымдар өз пікірлерін білдірген болатын. Мысалы, В.Гумбольдт бұл қауіпке ұшырамау мүмкін емес екендігін айтса, өзге ғалымдар мұның себебін философиямен байланыстырады.

Аударма деректі жүйе емес болғандықтан, нақты тілдік мәтінге назар аударып отырған дұрыс деп білеміз. Аудармашының жұмысы белгілі бір мәтіннің тіліне байланысты жасалатын нақты әрекеттерден тұратынын дәйім ескеріп отырған жөн. Аудармада аудармашы бара-барлыққа жету, әрқилы тілдерлік өзгертулер жасай білуі керек.

Аударма – бұл адамзат қызметінің күрделі және көп қырлы саласы. Әдетте аударманы «бір тілден екінші тілге аудару» деп айтады. Дегенмен, аударма үдерісі барысында тек қана тілді өзге тілге ауыстыру ғана болмайды. Аудармада алуан түрлі мәдениеттер, тұлғалар, әр түрлі ойлау қабілеті, әдебиеттер, дәуірлер, алуан даму дәрежесі мен дәстүрлер тоғысады. Аударма мәдениеттанушылардың, этнографтардың, психологтардың, тарихшылардың, әдебиетшілердің қызығушылығын танытады, және аударма ісінің әрқелкі қырлары сәйкес ғылымдардың шеңберінде зерттеу объектісі бола алады [1, 23].

Ағылшын және қазақ тілдерінің сөздік қоры өте бай. Оны біз сезімдерімізді, заттарды және айналамыздағы құбылыстарды сипаттағанда және де өзге ойларымызды жеткізуде қолданамыз. Осы құбылыстың барысында біз тілдегі «қарама-қайшылық» категориясын білдіретін антонимдерді пайдаланамыз. Тілде барлық лексика жүйелік болып келеді, және антонимия тіл мен ойлаудағы жүйелік қатынастарды анықтаудың маңызды бір бөлігі болып табылады. Сөздер және олардың мағыналары бір-бірінен бөлек өмір сүрмейді, олар біздің санамызда алуан түрлі топтарға бірігеді, және де топтасудың негізі сәйкес мағына бойынша ұқсастық және тура қарама-қайшылық болып есептеледі. Бір қарағаннан антонимдерді аудару қарапайым құбылыс ретінде көрінеді, дегенмен де, екі немесе одан да көп тілдердің мәдениеті алуан түрлі екендігін айта кететін болсақ, антонимдерді аудару ерекшеліктерін ескеру қажеттігі туындайды.

Зерттеудің нысаны ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі антонимдерді алып, оларды аудару ерекшеліктерін анықтау жұмыстың мақсаты болып табылады.

Жалпы кез-келген ғылымда қарама-қарсылық ұғымы кеңінен сипатталынып, ауқымды түрде түсіндіріледі. Аталмыш ұғым туралы ғылыми бастама ежелгі замандарда ғылымдардың атасы философия ілімінде өте күрделі категориялар қатарынан орын алған. Сөйтіп ғылымның психология, логика, лингвистика салаларында өзіндік сипатқа ие болды. Тілдегі қарама-қарсылық ұғымының пайда болуының негізі философиядағы “қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңынан” бастау алады.

Қарама-қайшылықтың логикалық моделі тілде сөздің антонимия моделі болып табылады. Бұл модельдер қасиеттің немесе әрекеттердің, белгілердің қарсы бағытталуын білдіреді. «Жеңіл» - «ауыр» антонимдерімен салыстырғанда, «жеңіл көлік» - «жүк көлігі» тіркестері антоним болып табылмайды, өйткені антонимияға сай шарттарды қанағаттандырмайды. Антонимиялық қарым-қатынасқа тілдегі барлық сөздер түсе бермейді. Осындай қатынасқа түспейтін сөздер:

- деректі зат есімдер (house – үй, book - кітап, school - мектеп, windows - терезе және т.б.);
- жалқы зат есімдер (John, London, New York Times, the USA, Ақерке, Алматы және т.б.);
- сан есімдер;
- жынысты білдіретін сөздер (son – daughter, еркек - әйел және т.б.);
- әр түрлі сөз табына жататын сөздер (to start – final, тазалау - лас және т.б.).

Антонимияның тілдік универсалийлердің бірі болып табылатынын айтпай кетуге болмайды: ол барлық тілдерге де тән (қазақша: жақсы - жаман, орысша: хорошо - плохо, итальянша: pace – guerra (бейбітшілік – соғыс), ағылшынша: day – night, испанша: pobre – rico (кедей – бай) және т.б.)

Антонимдердің қолданылуы тілді мәнерлі, әрі семантикалық тұрғыдан бай қылады. Антонимдерді дұрыс та орынды пайдаланса, оның сөйлемдегі стильдік айшық үшін мәні зор. Сондықтан да тіл байлығының маржаны болып есептелетін мақал-мәтелдердің көпшілігі антонимдес сөздерден құралған [2, 26].

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің негізгі айырмашылығы мынада: Қазақ мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы жеке тұлғаға (би, шешен, ақылғөй, дана қариялар т.б.) байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып отырған. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінің негізгі бұлағы діни ағым, қасиетті інжіл кітабынан тараған ұлағатты сөздер болып табылады. Сондай-ақ Шекспир сынды ұлы тұлғалардың айшықты, мәнді сөз үлгілері ерекше орын алады. Ендеше қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі антонимдерді аудару ерекшеліктерін қарастырайық.

«Төзе алмасаң бейнетке, қолың жетпес зейнетке»

«No sweet without some sweat» [3, 190]

Бұл мысалда ағылшын тіліндегі мақал қазақ тіліндегі мақал-мәтелдің баламасы болып табылады. Ең алдымен әрбіреуіне жеке-жеке тоқталайық.

Антонимдік оппозициядағы әрбір сөздің мағынасын анықтау үшін және олардың лексикалық үйлесімділік шекарасын белгілеу үшін сөздің әр түрлі мағынасымен байланыс сипатын анықтау керек (егер ол көп мағыналы болса). Бір сөз бір уақытта алуан түрлі антонимдік байланысқа түсуі мүмкін, яғни түрлі лексика-семантикалық парадигмалардың құрамына ене алады. Мысалы, *deep* (терең) деген сөз келесі мағыналарды білдіреді:

- 1) беткі қабаттан төмен қарай бағытталған созылыңқылық;
- 2) жоғары дәрежеге жеткен; толық (*deep sleep*);

Бірінші жағдайда *deep* деген сөзге антонимдер ретінде *shallow*, *skin-deep* қолданылады. Ал екінші жағдайдың антонимдері өзгеше болып келеді – *not strong* және т.б. Және де осы екі жағдайда да олардың мағыналары түрлі тіркестерде ашылады, яғни сөздердің қосымша реңкі ашылады.

Біздің келтірілген мысалымыз бойынша, қазақ тілінің нұскасында өзара антоним болып тұрған сөздер: бейнет – зейнет. Екі сөздің ішіндегі бірі тура, ал екіншісі ауыспалы мағынада қолданылған. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалып, басылып шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» сәйкес бұл сөздердің анықтамасы:

Бейнет – азап [4, 123];

Зейнет – 1) сұлулық, сымбат, көрік 2) ауысп. Еңбек рақаты, жемісі, игілік [4, 344].

Бұдан көріп отырғанымыздай, бейнет сөзі әрдайым зейнет сөзінің антонимі бола бермейді. Аударма барысында үлкен қателіктерді болдырмау үшін түсіндірме сөздіктерге жүгінудің мәні зор.

Мақалдың ағылшын тіліндегі баламасына көз салсақ, *sweet* және *sweat* антонимдері бейнет және зейнет сөздерінің аудармасы ретінде қолданылғанын көреміз. Осы жерден антонимдерді аударудың бір ерекшелігін айта кетсек. Түсіндірме сөздігі бойынша:

Sweet – 1) тәтті 2) жағымды 3) қайырымды

Sweat – 1) тер 2) ауыр еңбек [5].

Аударма барысында түпнұсқадағы антонимдік жұптардың үндестікке сай қолданылғандығы, яғни антонимдердің дыбысталуының бір-біріне ұқсауы, есепке алынған. Бұл антонимдерді ғана емес, өзге лексикалық бірліктерді де аудару барысында ескеру қажет ерекшелік.

Ал *sweet* зейнет сөзінің баламасы ретінде қолданылғандығын қарастырсақ. Екі тілдің де түсіндірме сөздіктеріне жүгінетін болсақ, бұл сөздер жеке тұрғанда өзара балама емес екендігін көреміз. Алайда, бұл жерде сөздердің қамтитын қасиеттерін ескерген жөн, өйткені мәнмәтінге сай екі сөз бірінің-бірін орнын басып жатыр. *Sweet* және зейнет сөздерінің ортақ қасиеттерін атасақ: жағымдылық, рақат, қуаныш және т.б. Осы жағдаятты ескере отырып, ағылшын мақал-мәтелі қазақ тіліндегі түпнұсқаның адекватті аудармасы екендігін айта аламыз. Бұл жерден шығатын антонимдерді аударудың екінші ерекшелігі – сөздің қамтитын қасиеттерін ескеру.

«Саудың асын ішіп, аурудың ісін істейді»

«Eats as healthy, and behaves as ill» [3, 193]

Бұл мысалға бір қарағаннан көпшіліктің ойына сөзбе-сөз аударма жасалды деген пікір келеді. Алайда, екі тілдің антонимдік жұптарына зер салатын болсақ, өзгешелікті байқауға болады. Түпнұсқадағы сау – ауру антонимдеріне ағылшын тіліндегі *healthy* – *ill* сөздері сай келеді. Қазақ тілінде антонимдік жұп зат есім сөз табы ретінде қолданылған, ал аудармаға келетін болсақ, *healthy* – *ill* сын есім қызметін атқарып тұр. Осы жерден қазақ және ағылшын тілдеріндегі антонимдерді аударудың келесі бір ерекшелігін – грамматикалық трансформацияны анықтаймыз.

Жұмыстың нәтижесінде аударма саласында антонимияның зерттелуі өте маңызды деп айта аламыз, өйткені, басында айтылып өткендей, көп мағыналы сөздердің барлық мағыналары да антонимдерге ие бола бермейді, бұған қоса сөз мағыналарының антонимдері әр түрлі болуы мүмкін. Аударманың адекваттілігіне қол жеткізу үшін маңызы зор қазақ және ағылшын тілдеріндегі антонимдерді аудару ерекшеліктері анықталды. Осындай

ерекшеліктерді анықтауда түсіндірме сөздіктердің атқаратын қызметі айрықша екендігіне көз жеткізілді. Сонымен қоса, адекватті аударма жасау үшін сөзбе-сөз аударма тәсілін қолдану тиісті құбылыс емес екендігі байқалды.

Қолданылған әдебиет

1. Комиссаров В. Н. Современное переводоведение. Москва: «ЭТС», 2002
2. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Зият-Пресс, 2007
3. В. Франк. Жоғарғы сынып оқушылары мен талапкерлерге және студенттерге арналған жан-жақты анықтама сөздігі. Алматы, 2006.
4. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс, 2008
5. Macmillan English Dictionary for advanced learners

УДК: 81'25:[003.083:61]

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫХ МЕДИЦИНСКИХ АББРЕВИАТУР

Кажибоева Анар Нуржановна

anar-2391@mail.ru

магистрант группы МПД-12 ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ж.А.Бейсембаева, к.ф.н., доцент

Медицина является неотъемлемой частью нашей жизни, и в связи с этим перевод медицинских текстов всегда крайне востребованным. Особенностью медицинских текстов является наличие специальных терминов и аббревиатур. Медицинские тексты не характеризуются использованием большого ряда образных выражений, идиом, пословиц и поговорок. Самым сложным в процессе перевода медицинских текстов является перевод сокращений, акронимов и аббревиатур. Не менее важным считаем и изучение структурной и содержательной компоненты медицинских терминов и аббревиатур и их воссоздание в тексте перевода.

Перевод медицинской научно-популярной литературы нацелен на группу читателей, обычно не имеющих специальных знаний в данной области, но при сохранении характерной для научного текста строгости и четкости изложения, его особенностью является упрощенный характер изложения и возможное использование эмоционально-экспрессивных средств выражения.

Актуальность темы определяется тем, что медицина не стоит на месте, а медицинская терминология, в свою очередь, активно развивается. Это значит, что в словарный состав медицинской области добавляются новые термины и аббревиатуры, которые требуют повышенного внимания и поисков способов их перевода.

Медицинская терминология – это система понятий, обозначающих состояния и процессы, протекающие в человеческом организме, болезни и их проявления, методы диагностики, профилактики и лечения заболеваний, медицинское оборудование, лекарственные средства и др. Медицинская терминология имеет свои специфические особенности, а именно:

- в основе многих английских медицинских терминов лежат латинские и греческие корни, что делает их интернациональными;
- медицинские термины характеризуются такими особенностями как наличие дефиниции, максимальная абстрактность, моносемичность, отсутствие экспрессии и эмоциональной окраски, стилистическая нейтральность, соотнесенность со специальными понятиями и строгая логичность [1].